

Әбсаттар Әділ Маратұлының «8D02303 – Лингвистика» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін «Эмотивті-бағалауыштық лексиканың антропоөзектік сипаты: қазақстандық және шетелдік БАҚ мәтіндері негізінде» атты диссертациясына ғылыми жетекшінің

ПКІРІ

Бұқаралық ақпарат құралдары қазіргі таңда кез келген қоғамда әлеуметтік-қоғамдық санаға әсер ете алатын құрал екендігі белгілі. Қазіргідей ақпараттың үздіксіз берілу үдерісіндегі БАҚ рөлі бұрынғыдан да ерекше артып келеді. Тілдің негізгі коммуникативтік қызметімен қатар эмоционалды-экспрессивтік қызметін БАҚ материалдары негізінде арнайы эмотивті-бағалауыштық лексика арқылы қарастыру антропоөзектік түрғыдан алып қарағанда маңызды болып саналады. Эмоцияның адам өміріндегі рөлі айрықша. Адам эмоцияны неғұрлым күштірек сезінген сайын соғұрлым дүниетанымының қалыптасуына әсері ерекше болады. Адамның эмоцияналды күйдегі әрекеті көбірек есінде қалып, кейде шешуші рөл ойнауы мүмкін. Сол эмоцияның тілдегі көрінісін БАҚ тілі мысалында қарастыру телевизия мен БАҚ мекемелерінде жұмыс істеген тәжірибесі бар докторанттың қызығушылығын тудырды.

Докторант Әбсаттар Әділ зерттеу жұмысында эмотивті-бағалауыштық лексиканың әлемнің тілдік бейнесін көрсетудегі орны мен рөлін, әлемнің, аксиологиялық бейнесін тұзудегі қызметін, эмотивті-бағалауыштық лексиканы когнитивтік-прагматикалық аспектіде қарастырады. Зерттеудің негізгі материалы ретінде әртүрлі қазақстандық газеттер мен сайттардан жинастырылған 2500-ден астам лексикалық бірліктерді ала отырып, оларды шетелдік БАҚ мәтіндердегі (орыс, ағылшын тілдеріндегі) эмотивті лексиканың берілу ерекшеліктерімен салыстыра отырып сипаттайды. Негізгі материалы қазақ тілі негізінде болғанымен орыс, ағылшын тілдеріндегі эмотивті лексиканың тілдік ерекшеліктерін қарастыру эмотивті-бағалауыштық лексиканың жалпы лингвистикалық табиғатын, мәнін терең түсінуге ықпал етті.

Әбсаттар Әділ Маратұлының «Эмотивті-бағалауыштық лексиканың антропоөзектік сипаты: қазақстандық және шетелдік БАҚ мәтіндері негізінде» атты ғылыми-зерттеу жұмысында бағалау категориясына әсер ететін факторларды ғылыми түрғыдан негіздел, эмотивтілік категориясы, оның тілдегі көрінісі, адамдық құндылықтар жүйесін танудағы орны жан жақты талданып, сипатталады.

Докторант зерттеу жұмысын үш тарауға бөліп қарастырады, бірінші тарауы эмотивті-бағалауыштық лексиканы антропоөзектік бағытта зерттеудегі ұстанымдарға арналады, бұл тарауда жалпы эмотивті лексиканың ғаламды бейнелеу тәсілі ретіндегі рөлі мен эмотивті-бағалауыштық лексиканың когнитивтік-прагматикалық аспектілерін қарастырады. Екінші тарау «БАҚ тіліндегі эмотивті-бағалауыштық лексиканың қолданысы» деп аталады, атаптыш тарауда БАҚ-тағы эмотивті лексиканың қызметі, тілдік механизмдері жайлы жан-жақты талдау жасайды. Үшінші тарауы «БАҚ мәтіндеріндегі

эмоциялық тұрғыдан бағалаушы тілдік тұлға» деп аталған және бұл тарауда эмотивті лексиканың әртүрлі жанрлардағы қызметі, тілдік тұлғаның эмоцияны жеткізу жолдары, көркемдеу құралдары сөз болыпты, «өзім-өзге» оппозициясы арнайы талданады.


Жалпы Ә. Әбсаттардың ғылыми жұмысының нәтижелері салмақты көзқарастар мен тұжырымдарға ие. Алдына қойған бес міндетіне сәйкес дәйектілігі жоғары деңгейдегі бес тұжырым жасайды. Жұмыста қолданыс тапқан ғылыми әдебиеттер мен дереккөздерінің сан алуандығы мен орынды пайдаланулары байқалады. Сондай-ақ, ізденушінің өзіндік ой-пікірлері мен көзқарастары айшықты орын тапқан. Диссертацияны жазу барысында жариялаған мақалалары жұмыстың ішкі тараушаларында кең қарастырылды. Жалпы жұмысты жазу барысында докторанттың 13 мақаласы жарияланды. Оның ішінде Әбсаттар Әділдің Скопус базасына кіретін мақаласы рейтингі өте жоғары Q1-ге кіретін «Humanities and social sciences communications» (98 процентиль) атты шетелдік журналда жарық көрді. Докторант өз бетімен зерттеу жұмысын толық игеріп, қызығушылықпен зерттеу жүргізді. Зерттеу тақырыбы күрделі болғанымен де докторант бұл мәселені толығымен орындалап шықты.

Әбсаттар Әділдің зерттеу нысанына алған тақырыбы тіл білімінің түрлі салаларымен пәнаралық байланыста қарастырылған, бұл өз кезегінде тіл біліміндегі жаңа бағыттардың, жаңа зерттеулердің тууына ықпал етеді, яғни жұмыстың келешегі бар екендігін байқатады. Прагмалингвистика, когнитивті лингвистика, мәтін лингвистикасы, функционалды стилистика т.б. тіл білімінің бағыттары бойынша, теориялық-практикалық тұрғыдан үлес қоса алады. Сонымен қатар аталмыш зерттеу жұмысын журналист мамандардың сөз мәдениетін дамытуға арналған арнайы оку құралдары мен нұсқаулықтар құрастыруда нәтижелерін пайдалануға болады.

Докторант жұмысында отандық ғалымдармен қатар, ресейлік және де шетелдік зерттеушілердің еңбектерін пайдалана отырып, өз зерттеу жұмысын дәйектей алған. Зерттеу жұмысының бөлімдері арасындағы логикалық байланыс сақталған. Ә. Әбсаттардың тілі жатық, стильдік, орфографиялық қателер кездеспейді, ғылыми стилі қалыптасқан.

Докторант Әбсаттар Әділ Маратұлының ғылыми докторлық диссертациясы БАҚ тіліндегі эмотивтік бағалаыштық лексиканың антропоөзектік сипатын когнитивтік-прагматикалық тұрғыдан тұрғыдан жан-жақты қарастырған кешенді зерттеуге жататындықтан, өзектілігінің мәні зор деп есептейміз. Сондықтан да осыларды ескере келе, ізденуші Әбсаттар Әділ Маратұлының «8D02303 – Лингвистика» білім беру бағдарламасы бойынша философия ғылымдарының докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациялық жұмысын толық аяқталған дербес зерттеу жұмысы деп бағалап, қорғауға ұсынуға болады деп есептейміз.

Отандық ғылыми жетекші
филология ғылымдарының кандидаты



М.К. Мәмбетова